



А 2004
1041к

ҒИБРАТТЫ ҒАҒИВ



ЛИЧНОСТЬ И ВРЕМЯ

ӘМИНА ӨМІРЗАҚОВА

“ ҚАЗАҚСТАН ”

Сейілғазы ӘБДІКӘРІМОВ

Әмина ӨМІРЗАҚОВА

(Ғұмырнамалық деректі хикаят)

АЛМАТЫ,
“ҚАЗАҚСТАН”
2006

БҮЛ КІТАП ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ӘДЕБИЕТ
ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Әбдікәрімов С.

© 57 **Әмина Өмірзақова.** Алматы: ЖШС “Қазақстан”
баспа үйі”, 2006. – 184 бет + 16 бет суреттер.

ISBN 9965-10-049-7

Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Өмірзақова Әмина Ерғожақызының есімі елімізде ғана емес, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында да кеңінен танымал.

Әмина Ерғожақызы театр сахнасында 150-ден астам күрделі кейіпкерлердің бейнесін шынайы шеберлікпен сомдап, көптеген көркем фильмдерде басты рөлдерді орындады.

“Абай әндерінде” (режиссері Г. Рошаль) Ажардың, “Ана туралы аңызда” (режиссері А. Карпов) Ананың, “Тақиялы періштеде” (режиссері Ш. Айманов) Тананың бейнесін шынайы сомдады.

Жазушы деректерге сүйене отырып, халық әртісі Әмина Өмірзақованың өмірдегі және өнердегі тағдырынан сыр шертеді.

Кітап қалың оқырманға арналған.

Ә 4702250201 – 09
00(05) – 06

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-10-049-7

© Әбдікәрімов С., 2006.

© ЖШС “Қазақстан” баспа үйі”, 2006.

САРЫБЕЛДЕН САРҒАЙЫП ТАҢ АТАДЫ

Ғықиланың толғағы

Түн түңлігі түрілді. Қаранғысы сейіліп, шығыстан арайлы таң атып, жарық сәулесін жер жүзіне жадырай шашып келеді. Ойпаңдау келген тепсең жердегі ауыл алыстан қарағанда қарақошқылданып, барлық күпиясын жан баласына тіпті, табиғат тылсымының жұмбақ сырын өзі ғана меңгеріп, билеп-төстеп, әбден бағындырып алғандай тәкаппарланып ауыр тыныстайды. Шығыс жақтағы тау сілемдерінің жота-жоталарының, ойдым-ойдым сай-саласы сол қараңғы, меніреу күйінде әлі қараңғы қалпында жатыр. Тек қана сол жоталар мен қалың қарағанға малынған қыраттардан сәл еңселілеу келген Сарыбелден енді ғана көтеріліп келе жатқан арайлы таңның мерейі үстем еді. Осы сәтте леки ескен таңғы самалда ызғар бар сияқты. Әне, әп-сәтте-ақ, көзді ашып-жұманша болған жоқ, бүкіл дала, тау бөктері мен терең сайлардың ішіне дейін жап-жарық болды.

Қарауыл ауылы қараңғы түннің қойнауынан серпіле оянып, тіршіліктің тынымсыз ырғағына кірісе бастады. Жатаған там үйлердің айналасында қыбырлап тиісті іс-шаруасына кіріскендердің қаралары көбейді. Әрбір үйлердің мұржаларынан шыққан түтіндердің саны молая бастады. Орыннан тұрған Ерғожа келіншегі Ғықиланы оятып алмайын деген ниетпен, киімдерін өте еппен киінді. Есікті ақырын ашып далаға шықты. Мал қорасына барып, кеше ғана бұзаулаған ақ бас қара сиырдың алдында жатқан сағдары қурайды айыр ашамен іліп алып тастады да, қора шетіндегі қыстан қалған шөмеле-шөмеле шөптен іліп алып, ақбас қара сиырдың алдына тастай салды. Жаңа бұзаулаған жануар да алдыңдағы шөптен қомағайлана асады. Ерғожа жас бұзау жатқан тас қораға беттеді. Қораның іші жылы екен. “Жүп-жүмсақ сабанның үстінде жатқан жас бұзауды қандай сақылдаған сары аяз болса да үсік ала қоймас” деп ойлаған ол қора есігін қайтадан жауып қойды.

Ерғожа үйдің сыртындағы шаруаларын тындырып болған соң үйге беттеген. Құр қол кірмей жарылған отындық ағаштарды бір құшақ етіп алып кірді. Пештің алдына жайлап қойған соң отты жағуға кіріскен.

– Озім-ақ жағамын ғой, от жағып, шай қайнату сенің жұмысың емес. – Ерғожа жанына жақындап келіп сөйлеп тұрған әйеліне қарады. Үстіне жамыла салған түлкінің пұшпақтарынан тігілген жеңіл ішігінің оң жақ иығы салбырап тұр скен. Ерғожа орнынан тез тұрды да, Ғықиланың ішігін иығына дұрыстап кигізді.

– Неғып тұрып алдың? Жата тұрмадың ба? – Ерғожа ақырын сөйледі. Әйелінің қампиған құрсағына көз қиығын салды да. – Наурыз келгенімен қыстың ызғары әлі бар. Күн суық. Денене суық тигізіп алма! Егер далаға шықсаң, ішігінді киіп, түймеленіп ал.

– Жас бұзаудың жағдайын білейін деп едім.

– Мен көрдім, қораның іші жылы. Уызға әбден тойған болу керек. Жақсы жатыр. Астында жұмсақ сабан шөп, үстінде жеңіл жапқыш та бар. Біраздан соң емізерміз.

– Онда мен далаға шықпай-ақ қояйын. Үйдің шаруасын өзіме бер. Сен даладағы шаруаларына бара бер.

– Сөйтейін. Ана тайыншаларды, жылқыларды, қойларды суарып, шөп салайын. – Ерғожа үйден шығып кетті.

Ғықила пешке от жағып, таңертеңгі шайдың қамына кірісті. Анау-мынау істерін тындыра жүріп, өзіне-өзі сөйлеп қояды. “Наурыз тойына дейін шыдасам жақсы болар еді. Күннің көзі жылып, жердің беті көгеріп, адамдардың аузы аққа жетіп дегендей... – Ғықила оң қолымен ішін басып отыра қалды. Өңі құбылып, жүзі жайдарылана қалды. Құрсақтағы нәресте де тынымсыз қимылдайды. – Жаным, жарық дүниеге келуге асығады. Ата-бабамның аруағы қолдай гөр!”

Малды суарып, жем-шөбін беріп реттеген Ерғожа келіншегінің аман-есен босанып, аяқ-қолын бауырына алуын ішінен қатты тілеп жүргені белгілі. Оны осы Қарауыл ауылындағы ағайын-туыстар, жақын-жекжаттар, көршілер мен таныстардың барлығы жақсы біледі. Тіпті, көршілес отырған таныстар да тілеулес. Ғықила аман-есен босанса, қалжалығына арнап жемдеп отырған құйрығы ошақтай қой да дапдайын. Ерғожа сол жемдеп отырған қалжалық қойды барып корді. Әбден семіріпті. Орнынан тұра алмайтындай күйге

жетіпті. Ерғожа жануардың мойнын, төсін, жота-жонын ұстап көрді. “Алла, шілдеханаға бұйыртып жегізсін, жақсылыққа жаратсын!”. Көңілі марқайып, тәубесіне сиынған Ерғожа үйге кірді.

– Иә, тәубә! – Ерғожа сырт киімдерін шешіп, кебеже, сандықтың үстіне қойды. Басындағы елтірі тымағын шегеге ілді.

– Наурыздың алғашқы күндері жылылық әкелді ме, қалай?

– Кеше қырат-белдерге шыққанмын. Бір түйір қар қалмапты. Тек тау теріскей беттерінде, тау шындарында аздаған қар жатыр. Осылай болса енді бірер күнде дала құлпырып сала берер-ау!

– Шай да дайын. Кел, тамағыңды іш!

– Құдай қаласа, қалжалық қой әбден семіріпті. – Ерғожа беті-қолын жуып тұрып сөйледі. Тамағын шайып болған соң, күміс құманды орнына қойды да, кестелі ақ орамалмен бетін, қолын жақсылап тұрып сұртті.

Ерғожа мен Ғыкила әңгімелесіп отырып шайын ішті.

– Сен бүгін бір жаққа барасың ба? – Ғыкила күйеуіне сұрақ қойды.

– Жаңа өмір, жаңа заман да бұл өлкеге жеткен сияқты. Соған байланысты-ау деймін, Қызыл отау бөлімшесінің бастығы келсін деп хабар беріпті.

– Қайда шақыртыпты?

– Аудан орталығына көрінеді.

– Менің мазам болмай тұр. Бүгін, ертең толғақ ұстайтын түрі бар. Әйтеуір, есінде жүрейін, менің жағдайымды ойлай жүр.

– Ғыкила, сол ауданына бармай-ақ қояйын. Бәрін түсіндіріп, Әубәкірден айтып жіберемін. – Ерғожа тоқ етерін айтты.

– Білмеймін, мәжіліске келмей қалды деп бір пәлеге ұрындырмасын. Барып қайту керек те шығар. – Ерғожаның әйелі Ғыкила барлық жағдайды да ой таразысына салып айтып отыр. Алайда құрсақта жатқан нәресте жарыққа тез-ақ шығуға асығып жатқандығынан хабардар етіп отырғаны тағы бар.

– Ғыкила, мұндай жағдайда сені жалғыз үйде қалдырып кете алмаймын. Аяқ астынан сені толғақ қысса, жүгіріп барып көрші әйелдерге айтып, қасыңда болып, қолғабысымды тигізбеймін бе? – Ерғожа ойланып отыр. Сан алуан жүйрік

ойлар мен ұшқыр қиялдар миын мазалап, шыбын жанын дегбірсіздендіріп жіберді. – Ғыкила, жаным, мен аудандағы мәжіліске бармаймын. Қазір барып Әубәкірге бәрін түсіндіремін.

“Ерғожаның айтқаны орынды. Бір құдайдан соң Ерғожадан басқа мұнда менің кімім бар? Ерғожаның ағайын-туғандары алыста”. Бір сәтте осыларды ойлаған Ғыкила үндемеді. Ерғожа да келіншегінің жан-дүниесін, ішкі ойын түсінді. Ол асқа бата берді. Дастархан жиналды.

– Мен Әубәкірге барып келемін. Әйтпесе, ол мені тосып қалар. – Осыны айтты да Ерғожа үйден шығып кетті.

Сол күні аспан шайдай ашық болды. Күннің көзі қызып, жер бетіне жылуын аямай берді. Жер-Ана жылынып, тіпті қызып, топырақтардан бу көтерілді. Дала төсіне төрт түлік мал жамырай жайылып рахат күй кешті. Сай-салада торғайлар шырылдады. Биелер құлындады, түйелер боталады, ешкілер лактап, қойлар қоздады. Бұзаулар мөңіреп, қозы-лақтар маңырады. Бүкіл әлем ән салғандай көңілді күйге бөленді. Түс ауа күн көзін бұлт басып, сонау алыстан нөсерлі жаңбырдың тамшылары білінді. Ерғожа болса Қарауылдағы ескі көз, тәжірибесі мол аталармен әңгімелесіп, Ғыкиланың айы, күні жетіп отырған толғақтың сырынан мағлұмат алды. Әлдеқандай Ғыкиланың толғағы бола қалса, дайын болуын өтіне сұрады. “О, не дегенің Ерғожа, барлығымыз да өздеріне тілеулес адамдармыз. Кез-келген уақытта дайынбыз”, – деп ағынан жарыла сөйледі.

Күн ұясына еріне кірді. Аспан әлемін торлаған қою қара бұлт әлгінде ғана кең даланы емін-еркін ояқастай соққан қатты қыбыла желдің әсерінен ойдым-ойдым болып ыдырап кеткен. Асау желдің ықпалына төзе алмаған наурыз нөсерінің қара бұлты бет-бетіне сапар шегіп, тұс-тұсына жөңкіле жөнелген.

Енді аспан көкпен көк тұнық мұхит сияқты. Кеш болды. Айнала қараңғы. Аспанда көктем жұлдыздары жымың-жымың етеді. Бір-біріне наздана еркелейтіндей...

Ерғожаның үйінде көпті көрген, өмірлік тәжірибесі мол тісқакқан сақа әйелдер жүр. Олар қонақ емес, маңызды істің қасында жүргендер. Нақтылап айтқанда Ғыкиланың аманесен босануына тілеулес жандар. Ғыкиланың толғағы бір келіп, бір қойып тұрды да, нағыз толғақ басталды. Әйел-

дердің жаны қалмай зыр жүгіріп жүр. Бірі Ғықиланың белін тарта ұстаса, бірі аппақ матаны дайындап тұрғаны, бірі су жылытып, таза шылапшынын әзірлесе, бір пысық әйел “кіндік шеше” мен боламын деп ырым жасап жатыр.

Ауыл азаматтары Ерғожаның жанына жиналған. Бәрі де ақ тілеудің адмдары. Олар да жай тұрған жоқ. Қалжалыққа жемделген қойды сойып арқа етін – арша, борбай етін – борша етті. “Жарысқазан” ырымы да басталып кеткен. Қазанда майлы қуырдақ қуырылып жатыр. “Түсті ме, түсті ме, түсті ме?” деп сынғырлап шыққан әйелдердің нәзік үндері үздіксіз естіледі.

Ғықиланың толғағы мейілінше күшейе түсті, Әйелдің ыңқылы әудемжерге дейін жетіп тұрды.

– Толғағы ащы екен.

– Аман-есен болсын!

– Кім біледі, болашақтағы бір дөкейді өмірге әкелгелі жатқан шығармыз?!

– Бәлкім дөкейдің дөкейі болар!

– Бәрінен де аман босансыншы деп тілейікші!

– Иә, қойшы, болса да, басшы болса да аман-есен болсыншы!

– Иә деймін-ау!

Осылай дабырласып жатқан әйелдердің дауысын Ерғожа да ап-анық естіп тұрды. Оның бүкіл жан-дүниесі, есіл-дерті Ғықиланың да, нәрестенің де амандығы.

Түн ортасынан ауған кез. Ғықиланың ыңқылы бір сәт тоқтағандай болды.

– Әуп, піссміллә!

Осы сәтте жылаған сәбидің дауысы естілді. Ерғожа да елеңдеп есікке қарай жүгірді.

– Сүйінші!

Алдынан шыққан қара қатынның қуанғаны соншалық, ыржиып күліп тұр. Екі езуі екі құлағына жеткен екен.

– Өмірге сенің атыңды шығаратын қыз келді.

– Сүйіншің дайын. Не қаласаң да сенікі, Жәмила. – Ерғожа Жәмиланың бетінен шопылдатып сүйіп-сүйіп алды.

Ғықиланың тынысы кеңіп, жаны рахаттанды. Ерғожа жүрегі жарылардай қуанды.

– А-а-ау, мен әке болдым! – Ерғожа бүкіл әлемге айқайлап ән салғысы келді.

Жас сәбидің кіндігі кесілді. Тілеулес ағайындар мен дос-жарандардың барлығы дастарқан басына жағалай отырып, “жарысқазанда” қуырылған майлы қуырдақты жеді. Барлығының айтқан әңгімелері өмірге жаңа келген жас нәресте туралы болды. Әрқайсысы әртүрлі болжам айтады. Барлығының да ойлары жақсы. “Түбі халқына сыйлы, үлкен Адам болады. Лайым, соған жеткізсін!” деп орындарынан тұрды.

Олар далаға шыққанда Сарыбелден сарғайып таң да атып келеді екен. Осы бір ғажап көріністі көріп, көңілі көтеріліп, қойны қуанышқа толған Ерғожаның жүрегі ән салды.

*Сарыбелден сарғайып таң келеді,
Жүйрік аттың артынан шаң келеді...*

Шілдеhana тойы

1919 жыл. Наурыз айының 8-інші жұлдызы. Қарауыл ауылының ақ пейіл, жаны жайсаң, жүрегі таза, жарқын өмірге жаны құмар аккөңіл тұрғындары таң шапағымен таласа ояныды. Жарқын өмірдің тынымсыз тіршілігі, адамзаттың тірлігі әрқашанда еселі еңбегімен дамып отыратыны ежелден белгілі. Ерінбеген еңбектің ертеңі қашанда жеміс берері айдай анық. Сол атқарылған сапалы еңбектің нәтижесі бүгін өзіңе, жақын-туыстарыңа, бала-шағаңа, халқыңа ауадай қажет болып, өзекті өміріңе арқау болып, жаныңның құштарлығын мейлінше арттыра түссе, сол еселі еңбегіңнің мәуелі жемісі бүгінгі тыныс-тіршілігіңнің айтулы істері келер ұрпақтың одан ары жалықпай жалғастыратын қызықты қызметі мен қыруар мұрасы болмақ. Міне, мәңгілік өмірдің әрқилы кең де терең арнасы сонысымен қызық, сонысымен де бағалы болмақ. Бұл қағиданы, қайталана беретін табиғаттың қатал заңын, тіршілік тезінде тым сирек кездесіп отыратын қайталанбас қасиеттерді бұл қарауылдықтар да өте жақсы біледі, айқын сезінеді.

Бүкіл әлемдегі халықтардың өмір заңы, тіршіліктің құбылысы табиғат тынысының ерекшелігіне байланысты әртүрлі болғанымен, өмірдегі ой-санасы, тыныс-тіршілігі, болашаққа деген ынта-жігері бірдей өрбиді, бірақ әр денгейде дамиды.

Бүгінгі түнгі жақсы жаңалық Ерғожаның әйелі Ғықиланың босанып, өмірге нәресте келгені барша қарауылдықтарға, тіпті аудан орталығына жетіп жатты.

Ерғожаның үйінің алды адамдарға лық толы. Абыр-сабыр күй кешіп, жылы-жылы сөйлеседі. Анда-санда қарқылдап күлгендері де құлаққа естіліп қалады. Бұлардың барлығы да жас нәрестеге ат қойып, дәстүрлі ырымды күтіп жүргендер. Сол ата дәстүрін ары жалғастырып соңын шілдехана тойына жалғастырмақшы. Дәстүр ырымдарының барлық рәсімі жасалуда. Ерғожадан сүйінші сұраған Жәмила жымиып, жас сәбидің әкесі берген құнанды жетелеп бара жатыр. Жас нәрестенің кіндігін кескен кексе әйел “кіндік шеше” атанып өзіне бұйырған ірі қарасын жетелеп үйіне кетті. Түнімен тілеулес болып зыр жүгіргендер құр қалмады. Бауырсақ пісіріп, “Жарысқазан” көтергендер өздеріне тиісті сыбағаларын алды. Тағы не болса да оған Ерғожаның дәулеті жетеді.

Қарауылдағы мәртебесі жоғары, аузы дуалы, Тобықты руының құрметті ақсақалы Қыдыр қарияны арнайы шақырып, Ерғожа үйінің төріне отырғызды. Дастарқан жайылды. Алдына қойдың басын тартты.

– Аса құрметті Қыдыр ата, бабаларымыздың озық дәстүрін лайламай, бұзбай жалғастырып келесіз! Бұл жақсы қасиетіңізді барша халық жақсы біледі. – Ерғожа айнала-сындағы ағайындарына бір қарап алды. Сонан соң қайта сөйлеп кетті. Қыдыр атасына қарап екі қолын жая бата сұрады. – Хош келдіңіз, өмірге келген жас нәрестенің ғұмырына бата беріп, осы дастарқан басында азан шақырып, атын өзіңз қойсаңыз деген өтінішіміз бар. Мына жиналған әлеумет жұрт естісін.

– Ау, бәрекелді!

– Оңды өтініш.

– Сәбидің жасы ұзақ болсын!

– Енді Қыдыр атаның батасын тыңдайық!

Дабырласып алған ағайындардың дауыстары басылды. Төрде малдас құрып салмақты отырған Қыдыр қария орнынан бір қозғалақтап алды да, бата берді. “Жақсы сөз – жарым ырыс” дегендей ақ батаны уыз ішкендей беріле тыңдаған ағайындар “Әумин!” деп тағы да серпіліп алды.

– Ал, жас сәбиді әкеліңдер! – Қыдыр іштен шыққан жас нәрестесін көтеріп алып келе жатқан Ғықилаға мейірлене қарады. – Балаңның қызығын көр! – Қыдыр баланы қолына алды да “Тон пішер” дедіңдер ме?

– Иә!

– Туған халқыңның ең сүйіктісі бол, Періштем! – Қыдыр сәбиді мейірлене иіскеп алды да, сәбидің жүзіне қарап сәл ойланды. Одан соң бар ықыласымен сәбидің құлағының түбіне аузын жақындатып: – Жас нәрестенің аты – Әмина болады. Сенің есімің – Әмина!, – Қыдыр бар дауысымен қайталап айтты.

Жиналғандар да дүрлігіп кетті.

– Жас нәрестенің аты – Әмина!

– Енді Әмина деп айтыңдар!

– Әмина деп Қыдыр атам қойды!

Даладағы балалар да “Әмина” деп бір-біріне нәрестенің атын қайталай айтып шұрқырасып жатты. Қыдыр атаны ортаға алған ағайындар қарияға өздерінің шын ризашылығын білдірді.

Осы сәтте Ерғожа бері келе жатты. Жанында бір-екі жігіт бар. Бірінің қолында қасқыр ішік, бірінің жетелеп алған күрең жорғасы бар.

– Қыдыр ата, сіз сияқты дуалы ауызды қасиетті қариялар ел ішінде тым аз. Сізге құдай қуат берсін! – Ерғожа жанында тұрған жігіттің қолындағы қасқыр ішікті Қыдыр атаның иығына жапты. Қыдыр қасқыр ішікті киді. Тұла бойына дәл тігілген екен. Төгіліп тұр. Жарасып кетті.

– Ішігіңіз құтты болсын!

– Тойға киіңіз!

Тұрған адамдар шын пейілдерін білдірді. Ерғожа енді күрең жорғаның тізгінін алып Қыдырдың алдына көлденең тартты. Күміс ертоқыммен ерттелген күрең жорғаға Қыдырды қолтығынан демеп, көтере мінгізді.

– Әмина деп жас нәрестеме ат қойдыңыз. Қызым аман болса, халқымның еркесі болар. Қыдыр ата сізге көп-көп рахмет!

– Әминаның қызығын көр, Ерғожа! Ғықиладан келінмен қызығын бірге көріп, Әминаны тоты құстай тәрбиеле! – Қыдыр күрең жорғаны тебініп қалып жалғыз аяқ жолға түсті де жорғалата жөнелді.

Қыдырдың үстінде қасқыр ішік, мінгені күрең жорға. Өзі тіп-тік отыр. Бағыты – үй жағы.

Далада тұрғандар Қыдырдың соңынан біраз қарап тұрды. Бәрі де орнымен. Халық риза болды. Әсіресе, Ерғожаның

мәрттігіне, жомарттығына разы болды. Жиналып тұрып қалған ағайындарға жақындап келген Ерғожа:

– Енді не тұрыс? Үйге кіріп шілдеhana тойын жалғастырмаймыз ба? – Ерғожаның мына сөзін естіген ағайындар үйге кіруге ыңғайланды.

Ғықиланың жанында бірнеше келіншектер жүр. Олар жас ананың жағдайын ойлап өздерінше күтім көрсетушілер. Бір келіншек Ғықилаға жас сорпа ішкізіп бөйек болса, енді бірі суық тиіп, тер қатып қалмау қамын ойластыруда. Бір-екі келіншек жас нәресте Әминаны бағып-күтуде.

Күндіз басталған шілдеhana тойы одан ары қыза түсті. Кеш батқан соң шал-кемпірлер мен бала-шағалар өздерінің үйлеріне кеткен. Түні бойы өлеңмен, күймен жалғасқан шілдеhana тойына келгендер, таң ата тарқасты. Қонақтар далаға шыққанда денелері аздап тітіркенді. Наурыз көктемiнiң таңғы салқын самалы сонау тау теріскейлерінде жатқан ақ қармен көк мұздың ызғарын жеткізіп тұрғандай еді. Өзінің қуанышына келген қонақтарын үй ауласынан шығарып салған Ерғожа шығысқа көз салды. Сарыбелден сарғайып арайлы таң, нұрлы сәулесін жер бетіне енді шашып, атып келеді. Ерғожа халық әнінің бірауыз өлеңін ыңылдап айтты:

Сарыбелден сарғайып таң келеді,

Жүйрік аттың артынан шаң келеді...

Қаптығай – Ерғожаның інісі

Семей қаласы қалың қарағайлардың ортасына орналасқан. Алыстан қараған адамға Семей қаласының үстін көкшіл тұман басып жатқанға ұқсайды. Негізінде бұл көкшіл тұман емес, қарағай ағашы мен шырша отындарының ащы көк түтіні еді. Қаладағы барша үйлердің қызыл кірпіш тас пештерінің мұржасынан аспан әлеміне сапар шеккен ащы түтін көк жүзіне тіп-тік болып біраз көтерілген соң жайылып сала береді. Содан кейін шөккен тұманға қатты ұқсайды.

Ертіс өзенінің үстіне жаяу адамдар өтетін ағаш көпір салынған. Қаптығай сол көпірден ары қарай өтіп келе жатып көпірдің шетіне сәл тоқтады. Шымырлап ағып жатқан өзеннің суына еңкейіп қарады. Өзі бұрын онша көңіл аударып, мән бермей жүріпті. Ертіс шын үлкен өзен екен. Арғы-бергі

бстіне көз жетпейді. Мөлшермен жарты шақырымнан асар-
ау. Тереңдігі де біршама болар. Дәл қазір өзеннің суы тым
ашулы. Басы сонау Алтай тауының шатқалынан басталатын
бұл Ертіс мұхитқа барып құятынын біреу білсе, біреу біле
бермейді. Көктем кезі ғой, еріген қардың суымен қосылған
Ертіс суы жағадан асып жайылып жатыр. Судың лайланғаны
да содан болар. Өзен суы тасыған. Әнеу бір үлкен бөренені
ағызып барады. Әнеу бір үлкен қарағайды бірде тереңіне
батырып, бірде қопаң еткізіп су бетіне шығарып жүйткітіп
алып ағызып барады. Арбиған қарағай тамырлары бірде
көрінеді, бірде суға батып жоқ болады.

Қаптығайдың көзі қарауытып талып кетті. Ағып жатқан
Ертіс өзенінің шымырлап ағып жатқан суының әсері болар,
басы айналып кетті. Ол бойын тік ұстап алға жүрді.

Иван Андреевич: “Қаптығай, сен бүгін кешікпей ертерек
кел. Омбыға барып қайту ойда бар” деп ескерткен еді. Содан
соң ауылдасы Әлидің үйінде көп бөгелмеген. Аmandық-сау-
лық сұрасып, ананы бір айтып, мынаны бір айтып азын-
аулақ әңгімелескеннен соң үйіне қайтқаны осы болатын.

Үй дейтін Қаптығайдың мұнда үйі жоқ. Ол Иван Ан-
дреевич деген саудагер орыстың үйінде тұрады. Қаптығайды
Иван Андреевичтің өзі шақырған. Өткен жылы Семейге бір
шаруамен келген Қаптығайды осы Иван кездестіріп:

– Қараймын, етің тірі жігіт екенсің. Аздап орысша да
сөйлейді екенсің. Кел, таныс болалық. Менің атым – Иван
Андреевич. – Өзіне созып тұрған Иванның қолын Қаптығай
алды. Жасы алпысты алқымдап қалған Иванның әлі күш-
куаты бар екен. Оны Қаптығай қол ұстасқанда-ақ сезді.

– Қаптығай!

– Жаксы! Таныс боламыз, дос боламыз.

– Рахмет!

– Семейде тұрасың ба?

– Жоқ. Бір шаруамен келген едім. Бүгін ауылға қайтамын.

– Қай ауылдансың?

– Қарауылды естуіңіз бар ма?

– Естігенмін. Бірақ ол ауылда болған емеспін. Ана жолы
Аягөзге барып қайттым. Ит байлап қойса тұрғысыз қала
екен. Әшейін үлкен бекет. Айналасында бір де бір ағаш жоқ.
Қу тақыр жер. Желі де қатты соғады. Сондай жерде адамдар
қалай өмір сүреді, таң қаламын, – Иван өзінен-өзі күйіп-
пысты.

Иван Андреевич Қаптығайды үйіне ертіп келді. Семейдің солтүстік-батыс жағында тұрады екен. Әйелі бар. Баласы жоқ. Қарағайдан салынған үш бөлмелі үйде әйелі екеуі ғана тұрады. Саудагер Иван Андреевичтің тұрмыс-ахуалы жаман емес-ті. Қаптығай екеуі біраз әңгімелесті. “Біз тұратын бұл ауданды “Татарский край” дейді. Есінде болсын дегенім ғой” деп бір қойды Иван. Қаптығай үнсіз ойда отыр. “Айтып отырған кеңесі миға қонады. “Көмекші бол!” – дейді. Несі бар? Жақсы жұмыс. Тілін үйренемін. Бірге жүріп ел аралап, жер көремін. Ауылда не бітіремін? Уақыт та, заман да өзгеріп барады. Бірақ Ерғожа ағаммен ақылдасқан жөн шығар. Не дер екен?”.

– Үндемей қалдың ғой. – Иванның тосын қойған мына сұрағы қатты шықты ма, әйтеуір Қаптығай селк етті.

– Иван Андреевич, өзіңге әлгінде айттым ғой, Қарауылда Ерғожа деген туған ағам бар деп. Мен ағаммен міндетті түрде ақылдасып-кенескенім қажет.

– Ақылдасқаның өте орынды. Бірақ мен сенің жауабыңды күтемін.

Сол әңгімеден соң Қаптығай Қарауылға тез оралды. Мәнжайды ағасы Ерғожа мен жеңгесі Ғықилаға баяндаған. Інісінің сөзін мұқият тындап болған соң:

– Сен өзің қалай ойлайсың? – Ерғожа Қаптығайдың бетіне қарады. Інісінің ойын білгісі келді.

– Мұнда жүріп не тындырамын? Заман болса өзгеріп барады. Қалада жүрсем көп нәрселерді көріп, білем ғой. Оның үстіне Иван Андреевичтің мінезі, ойы маған ұнады. Бір орыспен араласып, таныс болып, қарым-қатынас жасағаннан зиян таба қоймаспын.

– Қаптығай, сен ақылды жігітсің. Ойыңды түсіндім. Алған бетіңнен қайтпа! Алла алдыңнан жарылқасын! Егер Иван “Жауабыңды күтемін” десе, онда тезірек жолға дайындал. Бізге алаң болма. Семей деген мына тұрған жер ғой. Келіп тұрарсың, біз де барып тұрармыз.

Сөз осымен тәмам болды. Содан бері Қаптығай осы Семейде. Иван Андреевичпен бірге тұрады. Негізгі жұмысы Иван айтқан істі тындырады. Былайша айтқанда, Иванның көмекшісі. Өмірдің біраз сырын ұқты, көп жағдайларды көзі көрді.

Қаптығай үйге келгенде, есік алдында Иван мен Нұрбек тұр екен. Нұрбек Қарауылдағы жақын ағайындары. Өзінен екі-үш жас қана үлкендігі бар.

– Қаптығай, ауылдан жақсы жаңалық бар. Нұрбек өзі айтсын. – Иван бұл екеуіне кезек қарады.

Нұрбек пен Қаптығай құшақтаса кетті.

– Қаптығай, Ғықила жеңген босанды. Енді Әмина атты қарындасың бар. Соны саған айтуға келдім.

– Ой, қандай жақсы. Нұрбек саған көп-көп рахмет. Ерғожа ағаның, жеңешемнің денсаулықтары жақсы ма?

Нұрбектен елдегі жаңалықтарды естіген Қаптығайдың көңілі орнына түсті. Енді ол Иван Андреевичке бұрылды.

– Мен бәрін де түсініп тұрмын. Туыстық сезім деген оңай емес. Омбы сапары бірнеше күнге тұра тұрар. Сен ауылыңа барып қайт. Қарындасыңды көріп иіскеп, сүйіп кел. Ағаңа, жалпы барлық ағайындарға бізден дұғай-дұғай сәлем айт. – Иван Қаптығайдың ойын, жан-дүниесін дөп басты.

– Сіз кемеңгер адамсыз, Иван Андреевич. Сізге рахмет!

– Қаптығай, ауылыңа барған соң бізді ұмытып кетпе. Жатып алмай, тез орал. Мұнда қыруар жұмыс бар. Оны өзің жақсы білесің. Омбы сапарын сен үшін тоқтатып тұрмын. – Иван әр сөзін нығырлап айтты. Онысы Қаптығай түсінсін дегені. Мұны Қаптығай да жақсы біледі. Жиырманың ішіндегі қылшылдаған жігіт, әрине, бала емес.

Қаптығай Қарауылда бір-ақ күн болды. Ағасы мен жеңгесін құттықтады. Әмина қарындасын қайта-қайта қолына алып иіскеп-иіскеп қойды.

– Өзі кімге тартқан? – Ерғожаға қарйды. – Өзіңнен аумай қалыпты. Жасы ұзақ болсын!

Қаптығай ағасы Ерғожа мен жеңгесі Ғықилаға Иван Андреевичтің асыға күтіп отырғанын айтты. Ерғожа інісін қайта-қайта құшақтап бір түрлі көңілі босады.

– Қайда жүрсең де аман бол, Қапыш.

– Иванға сәлем айт. Мына бір дорба құртты сәлемдеме ретінде апарып берші. – Жеңгесі Ғықила Қаптығайдың жол дорбасына құртты әзер сыйғызды.

Қаптығай ағасы мен жеңгесімен қоштасып, Әминаның бетінен жайлап сүйді де, Семейге аттанып кетті.

“Бір құдайға тапсырдым”

Ерғожаның көңілі орнықты. Інісі Қаптығай келіп кеткеннен кейін аудан орталығына барып қайтты. Аудандағы таныстары өмірге келген жас сәбиінің бауы берік болып, денсаулығының мықты болуын тілеп, ағынан жарыла құттықтады, Жаңа өкіметтің ұйымындағы адамдар да жылы қабылдап, қызу әңгімелесті. Саяси ағымның жаңа арнадағы жұмыстары сөз болды. Алда болатын үлкен мәжілісте біраз қызметтер атқарылуы қажет. Сол маңызы зор мәслихатта тындырылатын ұлы қаусар істерге Ерғожа сияқты ауылдағы беделді азаматтардың ықпалы ерекше болмақ. Буыны әлі қата қоймаған большевиктер жергілікті белсенділерге арқа сүйейтіндерін білдірді. Сөз сонарында жас Кенес өкіметіне бағынғысы келмейтін ат төбеліндей бай-феодалдардың сарқыншақтарымен аянбай күресу баршаның мүддесі, басты мақсатымыз деген астарлы ойларын ортаға салды.

Қазір Ерғожа Қарауылдағы әртүрлі шаруаларымен айналысып жүр. Көбіне келіншегінің жанында болады. Ғықилаға көмектеседі. Жас сәбиі Әминаның денсаулығының мықты болуын қадағалап, болашағын ойлайды. Келешегінен үлкен үміт күтеді. Осылай күн соңынан күн өтіп жатты. Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойына да бір аптадай уақыт қалған.

Кейінгі күндері күн жылып кетті. Дала масатыдай құлпырып, көгеріп кетті. Осы бір ауа райының аяқ астынан ысып кеткені Ерғожаның денсаулығына жақпады. Күрт қаны тасып, көзі қарауытып, басы айналып, тұла бойы дірілдеп құлап қала жаздады. Үйге кіріп төсекке жата қалған. Ерғожаның мына түрін көрген әйелі шошып кетті. Не істерін білмей есі шықты. Аһылап-уһілеп Ерғожа әрең тыныстайды. Ауруы барған сайын алқымдап барады. Осы сәтте Әмина жылады. Ғықила енді баласына жүгірді. Әминаны емізді. Сәби жылағанын қойды. Бір нәрсені сезгендей көрші келіншек Жәмила келген.

– Жәмила, келгенін қандай жақсы болды. Осы жаңа ғана жап-жақсы жүрген Ерғожа аяқ астынан ауырып қалды. – Ғықила әзер сөйлеп жылап жіберді. – Баршы, әне төсекте жатыр.

– Е, құдай сақтасын! – Жәмила Ерғожаның жанына келді. Ерғожа рас нашарлап кетіпті. Екі көзі алақтап, өңі қарайып

барады екен. Жәмила оның білегін ұстап еді, Ерғожа міз бақпады. – Ерғожа, Ерғожа менмін ғой, Жәмиламын. – Ерғожаның көзі аларып, тілі күрмеліп сөйлеуге әлі келмеді. Жәмиланың бетіне қарады. Жәмила сасқалақтады. – Ойбай, Ғықила, тез бері кел. Ерғожа кетіп бара жатыр. Бол, тез!

Әминаны көтеріп алған бойы Ғықила да жанұшырып жетіп келді. Не істерін білмей қалшиды да қалды. Қолындағы Әминаны лып еткізіп тез алған Жәмила Ерғожаға баланың бетіп ашып көрсетіп тұр.

– Ерғожа, мынау сенің қызың, Әмина, Әмина ғой, бірдеңе айтсаңшы!

Аларып тұрған көзі түп-тұнық болып Әминаға тесіле қараған Ерғожа әзер тіл қатты.

– Бір құдайға тапсырдым. – Ерғожаның шыбын жаны үзіліп бара жатты.

– Не дедің құдайым-ау?! – Ғықиланың дауысы қатты шықты. Осы сәтте Ерғожаның барлық күшімен айтқан “Бір құдайға тапсырдым” деген сөзі аузынан әрең шықты.

– Не жаздым, о, жаратушы! – Ғықила Ерғожаны құшақтап зар жылады. Бұл кезде Ерғожаның денесі суып кеткен еді.

Ерғожаны соңғы сапарына шығарып салу үшін ағайындардың барлығы жиналды. Аудан орталығынан келген ресми адамдар да бір топ болып келіп Ерғожаның әйелі Ғықилаға бірінен соң бірі кезекте тұрып көңіл айтып жатты.

– Жауырынына жазған ғұмыры осы болды ғой.

– Бір жаратушының ісі, бұған амалың қанша?

– Сабыр сақта, Ғықила...

– “Орнында бар оңалар” деген.

– Әкесінің жасамаған жасын Әминаға берсін!

– Көре алмай кеткен қызығын Әмина көрсін!

– Оңай емес, бар ауыртпашылық өзіне түседі, тағдырдың басыңа салғанына көнесің. Енді бекем бол!

– Сары уайымға салынба, шыдамды болғайсың, Ғықила!

Ерғожаны жоқтау айтып, жылап отырған әйелі Ғықилаға басу айтып, көңілін жұбатып келгендердің айтқаны осындай...

Ғықиланың мұңды әуені жиналғандардың сай-сүйегін сырқыратады. Жүрегінді сыздатады. Еріксіз көзіңе жас аласыз. Өзекті өртеген ащы өкініш зары өксіп-өксіп шығады.

*Сарыбелден сарғайып таң келеді,
Жүйрік аттың артынан шаң келеді...
Сүйген жардан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.*

Бұл қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр кімге опа берген? Өмірінің жалғасы болатын нәрестені енді сүйіп, болашақтағы қызығын бірге көремін ғой деп армандаған асыл ойы аяқсыз қалды. Өкінішті-ақ. Аяқ астынан келген қатыгез ажал Ерғожаны мәңгілік ұйқыға алып кетті.

Ерғожаның денесін арулап жуып, ақыреттік киімін киіндіріп, жаназасын шығарған соң, төбе үстіндегі зиратқа апарып жерледі.

Азалы күнге келген халықтың аузында “Азалы күннің арты той болсын!” деген бір-ақ сөз болды...

Тек келіншегі Ғықиланың өксігі басылар емес.

*Сарыбелден сарғайып таң келеді,
Жүйрік аттың артынан шаң келеді...
Сүйген жардан айырылған қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді.*

Омбыға саяхат

Қаптығай Қарауылдан Семейге келген соң Иван Андреевич екеуі Омбы қаласына сапар шекті. Жүктері де көп еді. Тең-тең етіп буып-түйіп алған заттары тым ауыр. Паровоз жүргізушісімен Иван Андреевич алдын-ала келісіп алған екен. Қаптығай екеуіне жүктерді вагонға тиеу онша қиынға соқпады. Тиісті уақытында пойызы орнынан қозғалып кетті.

Омбы қаласы Иванға онша жат қала емес-ті. Иван бұл қалада талай болған. Таныстары да бар. Кенес өкіметі орнағалы бері қаладағы тыныс-тіршілік өзгерген. Қала іші канша бақылауға алынғанымен, сырттан келген ашықауыздардың санын соқтырып, жер сипатып кететін небір алаяқтар Омбыда жетеді. Адамдарды тонаушылар да бар. Күйі келсе ұрып жығып, ақшасын, бағалы заттарын тартып алып кетуден де тайынбайтын неше түрлі әпербақандар Омбыда көп.

Пойыз қала ортасындағы вокзалға келіп тоқтағанда таң да атып қалған болатын. Жолаушылар вагондарынан жамырай

түсіп өздерінің тиісті бағыттарына бет алған. Бір-біріне бұрылып карауға мұршалары жоқ. Барлығы асығыс. Баратын жеріне тез жетуді ойлайды.

– Кімге пәтер керек?

– Менің пәтерім осы жерден алыс емес, небары мына вокзалдан жүз елу-ақ метр жерде, Онша қымбат та емес. Тамақ ішетін асханасы да жанында.

Жолаушылардың алдын кес-кестеп жолын бөгейтіндер өте көп.

Вагоннан түсірген заттарын бір жерге жинақтаған соң Иван мен Қаптығай сәл отырып демін алды. Тершіген маңдай терін беторамалымен сүртті. Иван газет қиындысына махоркасын шымшып салып газетті тілімен бір жалап жіберді де, шиыршықтап орады. Жанқалтасынан сіріңкесін алып, жағып жіберді де, жалындаған отты темекісінің ұшына әкеліп тигізді. Сонан соң қайта-қайта ышқына ішіне тартып сораптады. Иван сораптаған сайын екі ұрты шұңқырланып жақ сүйектері одырая шықты. Сәлден соң махорканың көк түтінін танауының қос тесігінен будақтата шығарды. Өзі тап осыдан ләззат алатын адам сияқты. Мекіреніп қойды. Осының барлығына ерінбей қарап отырған Қаптығай жанарын басқа жаққа бұрған.

Арлы-берлі ағылып жатқан адамдарда есеп жоқ. Омбылықтар ма, жоқ әлде өздері сияқты жолаушылар ма, ол жағы белгісіз. Наурыз айының ортасы болса да, бұл жақта күн әлі салқын екен. Адамдардың көбісі қыстық киімдерімен жүр.

– Сенің темекі тартпайтынына ризамын. – Иванның сөзі. Қаптығай оған енді мән берген. Тап бір сүт қатылған қою шай ішкендей боп өні бал-бұл боп өзгеріпті. Тартып болған темекісін жерге тастап, оң аяғымен таптап мыжғылады. Сөндіргені болуы керек. Сонан соң мойнын Қаптығайға бұрып, басын кекжите тіл қатты:

– Сен мұнда заттардың жанында тұра тұр. Осы Омбыда менің бір танысым бар. Мен соған барып, келгенімізді айтайын.

– Алыста ма?

– Онша алыста емес. Біз сол үйде болармыз. Мына заттарды сол үйге қоямыз да, екеуміз жұмысымызды реттей беретін боламыз. Ол жақсы адам. Бізге көмектеседі. Несі бар, еңбегі еш кетпейді. Тиісті енбекақысын төлеймін. – Иван

жымиып қойды. Онысы өзіне-өзі риза болғаны. Бір істі бастарда, бір іске кірісерде, бір ісі біткенде дәл осылай жымиятын әдеті бар-ды. Оны Қаптығай алғашқы күндерде-ақ байқаған.

– Бір алла жар болып, ісіміз оңға бассын деңіз!

– Дұрыс айтасың Қаптығай, мен кеттім. – Иван бүкендей жөнелді.

– Көп бөгелмеңіз, Иван Андреевич. – Қаптығай да дауысын қаттырақ шығарды. Оның бұл сөзін Иван естісе де, бұған бұрылып қарамастан көлденең жатқан көшеге түсті де, қатар-қатар тұрған үйлердің тасасына кіріп қарасын көрсетпей кетті,

Қаптығай ойға шомды. Қарауылды ойлады. Ағасы Ерғожаны, жеңгесі Ғықиланы ойлады. Кіп-кішкентай болып танауын қоңқитып жатқан жас нәресте Әминаның бейнесін көз алдына әкелді. Денесі тыз етіп тұла-бойы шымырлап кетті. Өне бойы ауырлап бойкүйездік билеп алды. Көңілі босап, жүрегі қобалжып кетті. “Бұл не өзі? Ауылды сағынып қалдым ба? Жақында ғана барып қайттым емес пе? Жок. Қаптығай, сен босбелбеу болма. Өстіп-өстіп шынығасың. Өмір сүру оңай емес, осылай жүріп өмірдің небір өткелдерінен өтесің. Ел аралап халықтың тұрмысымен танысасың, қиыншылықты да, қызықты да басыңнан атқарасың”.

Ту сыртынан біреу қарап тұрғандай болған. Ойы үзіліп кетті. Арт жағына жалт қарады. Рас екі жігіт тұр. Бірі еңгезердей дәу екен, бірі аласа бойлы талпақтау келген палуан денелі. Өздерінің түрлері жаман екен. Қаптығай сескеніп қалды.

– Ей, сен қайдан келген қазақсың?. – Аласа бойлысының сөзі. Дауысында өркөкіректік бар.

– Омбы қаласына аспаннан түскен ғой, көрмейсің бе? Жүктері мынау. Мынаның барлығын жалғыз қалай көтеріп жүрсің? – Еңгезердей ұзыны сактық жасап тұр.

– Мына тең-тең жүктердің ішінде не бар? Бәлкім, атадан қалған мұра бар шығар. Тай тұяқтай алтын болса да жаман олжа болмас. – Аласа бойлысы жүктерге жақындап келді.

– Семейден келдік. Осы қалада ағайындарымыз бар. Енді біз де осы қалада тұратын болармыз. Ағаларым қазір келеді. – Мыналардың тегін адам емес екендігін Қаптығай сезді. Кейбір сөздерді өтірік айтты.

– Міне, біз де келдік. – Иванның дауысы шыққанда ана кеуі көзден ғайып болды. Иван танысын ертіп келіпті. Сақал-мұрты қаулап тұтас болып өскен адам Қаптығайға тісін арсита күліп карап тұр. Мұрны бұзылып сол жақ бетіне қарай қисайып қалыпты. Түсі суық, қорқынышты. Бандитке ұқсас екен.

– Осы Омбының атаманы. Қаптығай танысып қой! Николай Ткач деген менің досым осы. – Иван сөйлеп жүр.

– Қаптығай! – Қолын созды.

– Николай! – Ол да қолын берді. – Коля десең де болады.

Қаптығай мен Николай бір-біріне күлімсірей карады.

Омбы базары

Иван Андреевич Омбы қаласының тұрғындарына не керек, қандай киім-кешек қажет екендігін жақсы білген. Семейде жүріп сол заттардың барлығын жинаған. Омбылықтарға жақсы бағамен және де тоқтаусыз тез өтетін дүниелерді алып келді.

Иван мен Қаптығай Николай Ткачтың үйіне келген соң шай-пай ішіп біраз уақыт тынығып алды.

– Коля мұнда келші. – Иван Николайды шақырды.

– Тыңдап тұрмын Ваня. – Николай Иванның жанында тұр. Досының оған не айтатынын өзі іштей сезеді.

– Коля омбылықтарға қажет-ау деген заттарды алып келдім. Бүгін реттеп, ертең соларды базарға алып шығамыз. Өзің білесің, менің ақкөңіл екенімді. Еңбегің еленеді.

– Осы жолы қандай дүниелер әкелдің?

– Сол баяғы заттар.

– Нақтылап айтшы...

– Түлкі пұшпағынан жасалған ішіктер, қасқыр терісінен тігілген тондар. Бұлғын мен сусардың, құндыз бен ондатрдың, аюдың, қасқырдың, кара түлкінің, бірлі-жарым сілеусіннің терілері бар. Барлығы да иленген. Сапасы жақсы.

– Тағы одан басқа не бар? – Николай қолымен ымдап бір нәрселерді түсіндірді. – Соны сұрағандар бар еді.

– Бұл жолы олар жоқ. Семейден таба алмадым. Ташкент пен Бішкекке бара алған жоқпын. Олардың ретін келесі жолы келтіремін. Ал күшалаларды алып келдім.